

«Debattl» дебат клубының
ЕРЕЖЕСІ

2023-2024 оқу жылы

«Бәйге» ДК мақсаты:

«Бәйге» ДК – Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектепшілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

«Бәйге» ДК міндеттері:

-  Оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылығын, шешендік шеберлігін дамыту;
-  ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытатын жағдайлар жасау;
-  басқа мектептермен байланыс орнатып, қонақтық ойындар өткізу арқылы тәжірибе алмасу.

Негізгі ұғымдар:

«Бәйге» Дебат клубы – оқушылардың шешендік шеберліктерін, көшбасшылық қасиеттері мен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту үшін ерікті түрде құрылған оқушылардың қоғамдық ұйымы.

Турнир – жоғарыда айтылған шеберліктер мен қасиеттерді қаншалықты меңгергені жайлы мәлімет беретін, өзін-өзі бағалауға бағытталған ДК құрамындағы фракциялар арасындағы жарыс.


Фракция – ДК құрамындағы форматқа байланысты 2 немесе 3 спикерден тұратын команда.

Спикер – ДК толық құқылы мүшесі ретінде қабылданып, спикерлігін дәлелдейтін куәлігі бар мүшесі.

Дебат жұлдызы – ағымдағы жылдағы турнирлерде жетістікке жеткендері үшін спикерлерге берілетін статус.

«Бәйге» ДК құрылымы:

- «Бәйге» ДК жетекшісі
- Президент
- Лига жетекшісі
- Пікірсайыс үйретушілер (төрешілер)
- Ақпараттық орталық
- Хатшы
- Спикерлер
- Жаңадан келгендер
- Уақыт төрешілері
- Дебат жұлдыздары



ДК жетекшісі құқылы және міндетті:

- ДК жұмысына өзгертулер енгізуге;
- ДК іс-әрекетін мектеп-лицейдің әкімшілігі мен өзін-өзі басқару ұйымымен сәйкестендіруге;
- ДК әкімшілігі мен мүшелерін бекітуге;
- ДК байланысты басқа да сұрақтарды шешуге;
- ДК жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- ДК әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
- Пікірсайыс форматтарын үйретуді қадағалауға;
- Жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жүргізуге (тренинг, диспут, рөлдік ойындар, турнирлер);
- ДК мүшелерін лицейшілік, қалалық, облыстық, республикалық ойындарына дайындауға;
- Мектеп-лицей әкімшілігі алдында жартыжылдық және жылдық қорытынды есептер жасауға;
- Президент, лига жетекшілері, пікірсайыс үйретушілер (төресілер), ақпараттық орталық мүшелері, хатшылар қызметтерін, құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- Әкімшілік мүшелерін ДК мүшелерімен жалпы жиналыста қызметтеріне тағайындауға.

Президент құқылы және міндетті:

- ДК жұмысына өзгертулер енгізуге;
- Кезекті және кезектен тыс жиналыстар өткізуге;
- ДК байланысты басқа да сұрақтарды шешуге;
- ДК жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- ДК әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;

- ✚ Пікірсайыс форматтарын үйретуге;
- ✚ Жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жүргізуге (тренинг, диспут, рөлдік ойындар, турнирлер);
- ✚ Жартыжылдық және жылдық қорытынды есептер жасауға;
- ✚ Өзге ДК қарым-қатынас орнатуға;
- ✚ Лигалардың жұмысын ұйымдастыруға.

Лига жетекшілері міндеті:

- ✚ Президент болмаған жағдайда оның құқықтары мен міндеттерін атқаруға;
- ✚ Лиганың жиналыс уақытын белгілеуге;
- ✚ Лигаішілік кіші турнирлер өткізуге;
- ✚ Спикерлерді ойынға қатыстыруға және себептерін нақты көрсетіп, спикерге түсіндірген жағдайда ойыннан алшақтатуға;
- ✚ Бейресми шаралар өткізуге.
- ✚ Президенттің берген тапсырмаларын орындауға;
- ✚ Лигадағы тәртіпті қадағалауға;
- ✚ Жаңадан келген мүшелерге форматты түсіндіріп үйретуге;
- ✚ Төрешілерге жиналыс уақытын белгілеуге;
- ✚ Ойындағы төреліктің әділетті болуын қадағалауға;
- ✚ Төрешілер жұмысының сапалы болуын қадағалауға.

Пікірсайыс үйретуші (төрешілер) міндеті:

- ✚ Президенттің берген тапсырмаларын орындау
- ✚ Лигадағы тәртіпті қадағалауға;
- ✚ Жаңадан келген мүшелерге форматты түсіндіріп үйретуге;
- ✚ Мүшелердің кезекті жиналыстарға дер кезінде келуін қадағалауға;
- ✚ Кезекті жиналыстарға тақырып таңдауға;
- ✚ Кезекті жиналыс өтетін орынға жауапты болуға.
- ✚ Ойын барысына байланысты басқа да сұрақтарды шешуге;

Ақпараттық орталық – әлеуметтік желі жұмысын жүргізуге, уақтылы әрі сапалы түрде ДК мүшелерін барлық ақпарат түрлерімен қамтамасыз етуге және хатшы хаттамасының нәтижелерін әлеуметтік желіде жариялауға жауапты. ДК айлық есептерін өткізуге жауап береді.

Хатшы – өтілген жиналыстар мен ойындар барысы жайлы ақпаратты хаттамаға түсіріп, ақпараттық орталық басшысына тапсырады.

Президент, лига жетекшілері, пікірсайыс үйретушілер (төрешілер), ақпараттық орталық мүшелері, хатшылар – ДК мүшелерін тіркеу және ДК барлық іс-шараларына қатыса отырып, әкімшілік тарапынан болған ұсыныстар мен нұсқауларға жауапты, ДК мүшелерінің ұсынысымен 1 жыл мерзімге тағайындалады. Өздеріне жүктелген міндеттерді атқармаған жағдайда, ДК мүшелерінің ДК жетекшісімен жалпы жиналысында қызметтерінен босатылады.

«Бәйге» ДК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:

- ✚ ДК әкімшілігін сайлауға және сайлануға;

- ✚ Клуб әкімшілігіне өз ұсыныстарын айтып, жұмыс барысына қатысты өзгеріс енгізуге;
- ✚ Пікірсайыс форматтарын үйренуге;
- ✚ Клубішілік турнирлерге қатысуға;
- ✚ Қалалық, облыстық, республикалық турнирлерге пікірсайыс үйретушілер жолдамасымен қатысуға;
- ✚ Уақтылы жиналысқа келуге;
- ✚ ДК ұстанымын, мақсат-міндеттерін орындауға құқылы және міндетті.

«Бәйге» ДК жиналысы:

- ✓ ДК жиналысы – ДК басты мәселелерін шешу және әрі қарай дамытуға (тренинг, ойын, диспут) бағытталған, әр апта сайын өткізілетін жиналыс. Оған ДК әкімшілігі мен мүшелері қатысады.
- ✓ Оқу жылының басында ДК мүшелерінің сабақ кестесіне сай ДК жиналысының кестесі жасалады. Белгілі бір себептерге (мейрам, турнир, демалыс және т.б.) байланысты күні мен уақыты өзгеріп отыруы мүмкін.
- ✓ Жиналыс өтуіне президент және лига жетекшілері жауапты.
- ✓ Кезектен тыс жиналыс ДК Президентінің бастамасымен алдын ала ескертіліп өтеді.
- ✓ Клуб әкімшілігінің рұқсатымен жиналысқа қонақтар қатыса алады.

Клубқа мүшелік және шығу:

- ❖ Пікірсайыс ойынын білу және түсіну деңгейіне қарай ДК мүшесі бола алады.
- ❖ ДК құрамынан шығу құқықтар мен міндеттерді орындамауға байланысты ДК жетекшісі мен әкімшілігінің шешімімен немесе оқушының өз еркімен жүзеге асады.